

**"Түркістан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 100 қаулысына және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 26/210-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 276 бірлескен қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 14/191-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 6649-13 болып тіркелді

Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Түркістан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі №100 қаулысына және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі №26/210-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 19 мамырында №2661 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімінің қосымшасы осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешіміне сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысының әкімі*

*Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы*

*Д. Сатыбалды*

*Н. Абишов*

Бірлескен Түркістан облысы әкімдігіні

ң

2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 276

қаулысы мен Түркістан облыстық

мәслихатының 2024 жылғы 13

желтоқсандағы

№ 14/191-VIII шешіміне қосымша

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы

әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 100 Оңтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихатының 2014 жылғы 15  
сәуірдегі  
№ 26/210-V шешіміне қосымша

**Түркістан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері**

№	Аудан және қала атаулары	Жер учаскесінің көлемі (гектар)	Оның ішінде		
			жайылым	суарылмайтын егістік	суармалы егістік
1	Арыс қаласы	7,5	2	5	0,5
2	Бәйдібек ауданы	25,5	20	4	1,5
3	Жетісай ауданы	1	0,75	-	0,25
4	Келес ауданы	17	10	6	1
5	Кентау қаласы	26,5	20	5	1,5
6	Қазығұрт ауданы	13	7	5	1
7	Мақтаарал ауданы	4	3	-	1
8	Ордабасы ауданы	21	10	10	1
9	Отырар ауданы	33	30	-	3
10	Сайрам ауданы	6	3	2	1
11	Сарыағаш ауданы	16	10	5	1
12	Созақ ауданы	62	50	11	1
13	Сауран ауданы	2,5	1	0,5	1
14	Төлеби ауданы	6	3	2	1
15	Түлкібас ауданы	26,5	15	10	1,5
16	Шардара ауданы	36	30	-	6